

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Ғылыми білімдердің құрылымы мен ғылыми таным заңдылықтары жөніндегі білім ретінде зерттеу үдерісіне бағыт-бағдар береді:

- A) Прескриптивтік әдіснама
- B) Дескриптивтік әдіснама
- C) Әдістемелік құралдар
- D) Әдіснамалық әдістер
- E) Зерттеу әдіс-тәсілдері

2. Педагогикалық категория ретінде білім берудің сипаты:

- A) мақсаттылық, әрекеттік, жүйелілік
- B) жүелілік, бірізділік, деңгейлік
- C) кезендік, деңгейлік
- D) жүелілік, кезендік
- E) жүйелілік, оңтайлылық

3. Педагогикалық үдерістің кейбір тараптарын тереңдей тануға, алуан қырлы педагогикалық қызметтің заңдылықтарын ашуға бағдарланған істер:

- A) Болжам жоба
- B) Тәжірибені ұйымдастыру
- C) Іргелі зерттеулер
- D) Қолданбалы зерттеулер
- E) Зерттеу әдістемесі

4. Адамның әлемге, өзге адамдарға, өз-өзіне қарым-қатынасын ұғынумен және тұлғалық мағынасымен анықталатын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды реттеуші тұғыр:

- A) әлеуметтік
- B) іс-әрекеттік
- C) тұлғалық-бағдарлы
- D) аксиологиялық
- E) тұтастық

5. Білім беру жүйесінің негізгі салалары:

- A)) бастауыш сынып, жоғарғы сыныптар, колледж
- B) бастауыш сынып, жоғарғы сыныптар, кәсіби білім беру ұйымдары, қамқорлық кеңесі
- C) мектепке дейінгі білім беру, бастауыш сынып, жоғарғы сыныптар, колледж
- D) мектепке дейінгі білім беру, жалпы орта білім беру, кәсіби білім беру ұйымдары
- E) балабақша, жалпы орта білім беру, колледж

6. Отбасы мүшесінің тұлғалық қалыптасуына жағдайлар жасау ретінде отбасы қызметінің түрі:

- A) қарым-қатынас құру
- B) тәрбиелеу
- C) шаруашылық-экономикалық
- D) қайта қалыпқа келтіру
- E) қайта өндіру (репродуктивті)

7. «Оқыту мен даму бір-біріне тәуелсіз екі түрлі үдеріс» идеясын дамытқан:

- A) Б.Г.Ананьев
- B) Л.С.Выготский
- C) П.Я.Гальперин
- D) Д.Б.Эльконин
- E) Л.В.Занков

8. Еуропалық тәрбие жүйесінің бесігі:

- A) Ұлыбритания
- B) Ежелгі Грекия
- C) Германия
- D) Швеция
- E) Македония

9. Тәрбие ұғымының педагогикалық мағынасы:

- A) бала тәрбиесіндегі ата-ана мен мұғалім бірлесстігі
- B) ата-ана қамқорлығы
- C) тәрбиеленушіге ықпал етуші ұйымдастырылған арнайы іс-әрекет
- D) ересектер мен бала арасындағы ықпалдастық
- E) аға буын жинақтаған тәжірибені жас ұрпақ бойына сіңіру

10. Педагогтың кәсіби даму жүйесін қамтитын теориялық және практикалық-бағдарланған ғылыми білім саласы:

- A) педагогика тарихы
- B) кәсіби педагогика
- C) арнайы педагогика
- D) үлкендер педагогикасы
- E) әлеуметтік педагогика